

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 44 (839) 26 қараша, 2021 жыл

facebook.com/tainsha.tany



tayynshatany.wixsite.com/website



tainsha_tan@list.ru



Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ: ПАРТИЯНЫ ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ БАСҚАРУЫ МАҢЫЗДЫ.

Тұңғыш Президент — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен “Nur Otan” партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті.



ҚҰРМЕТТІ СОЛТҮСТІКҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР!

Сіздерді мемлекеттік мереке-Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл мереке Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың республика алдындағы ерен еңбегін атап өту үшін белгіленген.

Еліміздің Тұңғыш Президенті тарихқа егемен Қазақстанның барлық жетістіктерімен байланысты тұлға ретінде, бүкіл еңбегі өз халқына, Отанына қызмет етудің жарқын үлгісі болып табылатын әлемдік ауқымдағы көрнекті саясаткер ретінде мәңгілікке енді.

30 жыл бойы Қазақстан өзінің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуында әлемдік үрдістер арнасында жүріп келеді.

Өз жетістіктерімен, қоғамдық-саяси өмірдегі терең өзгерістерімен біздің мемлекетіміз әлемдік қоғамдастықтың мойындауына ие болды және онда лайықты орын алды.

Бұл мереке сіздердің жүректеріңізді біздің мемлекет үшін мақтанышпен, бірлік пен түсіністікке ұмтылумен толтырсын.

Баршаңызға бейбітшілік, амандық, бақыт және Отанымыз - Қазақстан Республикасының игілігі үшін еңбекте жаңа жетістіктер тілеймін!

Құмар АҚСАҚАЛОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

* * * * *

ОЛ – ҰЛЫ КӨШБАСШЫ

1 Желтоқсан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні. Мемлекеттік мерекемен шын жүректен жолдаған құттықтауымды қабыл алыңыздар!

Тәуелсіздік таңы арай шашқанда, сол бір тарихи күндері Қазақстан халқы тұңғыш рет мемлекет басшысын сайлап алып, өздерінің тағдырын, еліміздің тағдырын сеніп тапсырды. Ұлт көшбасшысы, Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен бағалы бастамалар, кең ауқымды реформалар толассыз жүзеге асырылып, мемлекетіміздің экономикасы жаңа сипатпен қарқынды дами бастады. Біздің Президентіміздің көреген саясатының арқасында Қазақстан Орталық Азия өңірінде, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында және халықаралық аренада алдыңғы қатарға шықты. Ұлтаралық бірлік пен ұлыстар арасындағы ынтымақтастықтың қазақстандық нұсқасы әлемнің көптеген елдеріне үлгі бола алады.

Бүгінгі күні «Қазақстан - 2050» Стратегиясы бағытында біз еліміздің үшінші жаңғыруын жүзеге асыра отырып, ауқымды бәсекелестіктің нәтижесінде әлемдегі дамыған отыз елдің қатарына қосылуға ұмтылудамыз. Қазақстанның экономикалық және саяси жаңғыруын жүзеге асыруда «Рухани жаңғыру» Елбасы бағдарламасының жалпы мемлекеттік мәні өте зор. Халықтың рухани құндылықтарын сақтап, молайту жарқын болашақтың кепілі.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев нақты әрі қолжетімді мақсаттар қоя отырып, өзінің стратегиялық таланты мен көшбасшылық көрегендігін тағы да айқын аңғартып отыр.

Тайынша ауданының тұрғындары мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына лайықты үлес қосатындығына кәміл сенемін.

Құрметті жерлестер! Қадірлі «Тайынша таңы» газетінің тұрақты оқырмандары!

Сіздерге шын жүректен мықты денсаулық, отбасына береке, бейбітшілік пен жақсылық тілеймін!

Кеңес барысында мемлекеттік бағдардың сабақтастығы мен тұрақтылығына негіз болатын партияның ұзақмерзімді көшбасшылығын қамтамасыз ету маңызды екеніне назар аударылды. Сондай-ақ партияны ел Президенті басқарып, оның саясаты мен стратегиясын өзі айқындап отыруы қажет екені атап көрсетілді.

Еліміздегі жетекші саяси партия – “Nur Otan”-ның ауқымды мәселелер қаралған Саяси кеңесінің отырысы бейнеконференция байланысы режимінде ұйымдастырылды. Алқалы жиынға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев, Премьер-министр мен Үкімет мүшелері, “Nur Otan” партиясының Саяси кеңесі мен Бюро мүшелері, Парламент Мәжілісіндегі және мәслихаттардағы партия фракциясының депутаттары, өңір басшылары, “Jas Otan” жастар қанатының көшбасшылары қатысты.

Жиынды ашқан Елбасы Тәуелсіздік жылдарында қалыптасқан көппартиялық жүйе елдігіміздің тірегіне айналғанын, осы орайда “Nur Otan” партиясының саяси салмағы басым екенін айта келіп, отыз жыл ішіндегі еліміздің даму жетістіктеріне тоқталды. Мұның барлығы бірлесе атқарылған жұмыстың, маңызды мемлекеттік шешімдер мен батыл реформалардың жемісі екенін атап өтті.

– Біз еліміздің партиялық-саяси жүйесін біртіндеп әрі жан-жақты саралай отырып дамыттық. Барлық бастамаларымыз сияқты бұл мәселеге де ішкі дайындықпен келдік. Жүйесіз реформалар халықтың демократияға деген сенімін жоғалтып, түрлі шиеленістер тудырған және территориядан айырған жағдайлар тарихта аз емес. Тәуелсіздікті сақтау және мемлекеттілікті нығайту – біздің болашақ ұрпақ алдындағы парызымыз. Сондықтан “Nur Otan” партиясы тұрақтылық пен татулыққа, әлеуметтік-экономикалық прагматизмге, орнықты дамуға негізделген және тұтас қоғамның мүддесіне сай келетін саясат жүргізуде, – деді. Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев биыл тарихымызда алғаш рет заң шығарушы және өкілдік органдарға сайлау пропорционалды жүйе бойынша өткенін айта келіп, “Сондай-ақ ауыл әкімдерін тікелей сайлау тәжірибесі енгізілді. Бұл қадамдардың бәрі елдегі партиялар арасында бәсекені күшейтіп, олардың жауапкершілігі мен есептілігін арттыра түсті”, – деді.

Елбасы Премьер-министр мен Парламент Мәжілісі Төрағасының баяндамаларынан соң биліктің атқарушы және заң шығарушы тармағы партияның сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыруда үйлесімді жұмыс істегенін ерекше атап өтті. Нұрсұлтан Назарбаев мемлекетіміздің алдында тұрған сын-қатерлерге, сондай-ақ партияның келешек стратегиялық мақсаттарына, міндеттеріне жан-жақты тоқталды.

– Қазақстан Тәуелсіздіктің төртінші онжылдығына қадам басуда. Бұл ауқымды өзгерістерге, қиын да жауапты шешімдерге толы кезең болары анық. Қазірдің өзінде пандемияны тоқтату қиынға соғуда. Бүгінде ауқымды өзгерістер болып жатыр. Оған ақпараттық технологиялар мен жасыл энергетиканың қарқынды енгізілуі де әсер етуде, – деді Елбасы.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті адамзат алдында тұрған бірқатар сын-қатерді атап өтті. Соның ішінде жаңа пандемияларға қарсы күреске, экологиялық проблемалар мен жаһандық жылынудың теріс әсерінің күшеюіне, әлемдік экономиканың өзгеруіне орай елдердің бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне, геосаяси шиеленістің өршуіне, сондай-ақ қоғамдық пікір мен құндылықтардың күрт өзгеруінен саяси алауыздық белең алатынына назар аударды.

– Жаһандық тұрақсыздық ұзаққа созылуы мүмкін. Осы орайда партияның соңғы парламент сайлауындағы “Қиындықты еңсеріп, жеңіске бірге жетеміз!” деген ұранының өзектілігі арта түсуде. Біз бүкіл қоғамның мүддесін қорғайтын центристтік ұстанымды сақтауымыз қажет екенін тағы да атап өткім келіп отыр. Партияның міндеті – халықты бөліп-жару емес, біріктіру, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Елбасы Н. Назарбаев партия фракциясы депутаттарының пандемия кезіндегі тиімді жұмысына тоқталып, барша қазақстандықтар Президенттің мемлекеттік бағдарын қолдап, соның аясында жұмылуы маңызды екеніне баса мән берді.

– Мен партиямыздың негізін қалап, оған осы жылдар ішінде басшылық еттім. “Nur Otan” партиясын ел Президенті басқарып, оның саясаты мен стратегиясын өзі айқындап отыруы маңызды екенін жақсы білемін. Бұған дейін де солай болды. Біз партия Жарғысына сүйене отырып, шешім қабылдауымыз керек. Бұл – біздің бірлігімізді көрсететін қадам, – деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті. Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттік бағдардың сабақтастығы мен тұрақтылығына негіз болатын партияның ұзақмерзімді көшбасшылығын қамтамасыз ету маңызды екеніне назар аударды. Елбасы атап өткендей, ол үшін “Nur Otan” партиясы үнемі жаңғырып отыруға, заман талабына сай әр өзгерістерге дайын болуға, халық мүддесін басшылыққа алуға, алдына айқын мақсат қойып, оған жетудің нақты жолдарын табуға, билік органдарының қоғамдық институттардың тиімді ықпалдастығын қамтамасыз етуге тиіс, сондай-ақ қоғамды партия құндылықтары төңірегіне біріктіруі керек.

Алқалы жиында Тәуелсіздігімізді нығайтып, ел тұтастығын сақтап, отбасылық құндылықтарды қолдап, ұлттық мәдениетімізді насихаттап, терең білім мен адал еңбекке ден қою арқылы жасампаз ел боламыз деген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев “Елдіктің жеті тұғыры” атты қағидаттар жиынтығын ұсынды.

– Отыз жылда 9,5 миллионнан астам сәби дүниеге келді. Олардың алдыңғы шебі орда бұзар отызға толып отыр. Бұл – көзі ашық, көкірегі ояу, санасы азат, ойы озық жаңа буын. Мемлекеттілікті сақтап, Қазақстанды “Мәңгілік Ел” ету осы ұрпаққа жүктелетін тарихи миссия деп санаймын. Осы орайда жаңа дәуірдегі қазақстандықтарға бағдар болатын “Елдіктің жеті тұғыры” атты қағидаттар жиынтығын ұсынамын. Бұл – отыз жылдық белесті

Жалғасы 2-бетте.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ: ПАРТИЯНЫ ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ БАСҚАРУУЫ МАҢЫЗДЫ.

Жалғасы: Басы 1-бетте.

елмен бірге өткерген Елбасы ретіндегі менің жас ұрпаққа жолдар Үндеуім деп қабылдаңыздар”, – деген Нұрсұлтан Назарбаев “Елдіктің жеті тұғыры” қағидаттарына кеңінен тоқталды.

Елбасы аталған жеті тұғырдың ең біріншісі – басты құндылығымыз – Тәуелсіздік екенін атады. Тұңғыш Президент осы орайда “Әлемде көлемі жағынан 9-ншы орын алатын байтақ атырапты еншілеу Жаратқанның халқымызға берген баға жетпес несібесі деп білеміз”, – деді. Екінші тұғыр ретінде бірлік пен келісім атап көрсетілді. Елбасының айтуынша, “Этникалық әраландық – біртұтас ұлт ретінде қалыптасқан халқымыздың артықшылығы. Бүгінде бірлік пен этносаралық татулықты сақтау жолында отыз жыл бойы жүргізілген саясаттың жемісін көріп отырмыз”. Н.Назарбаев атап көрсеткендей, бірлігімізді арттырып, ынтымағымызды күшейтсек қана елдігіміз нығайып, егемендігіміз баянды болады. Ата-баба мұрасы, халық қазынасы – ұлан-байтақ жеріміз елдігіміздің үшінші тұғыры ретінде аталды. “Жерден қасиетті ешнәрсе жоқ. Қазақ үшін ел мен жер – тұтас ұғым”, – деген Елбасы Тәуелсіздікті жариялай салысымен шекарамызды құжат жүзінде бекітіп алуға қол жеткізілгенін айта келіп, өзге мемлекеттердің арасындағы даулы территориялар соғысқа, қантөгіске апарып соғатынын еске салды. Н.Назарбаев атап көрсеткендей, ата-баба аманатына адал болып, ұлан-ғайыр жерімізді қорғау, оны болашақ ұрпаққа мирас ету – біздің ортақ борышымыз. Елбасы отбасы мен салт-дәстүрлерімізді қоғамның алтын діңгегіне балап, оны төртінші тұғыр деп белгіледі. Шын мәнінде, Тұңғыш Президентіміз айтқандай, отбасы – ұрпақ тәрбиесінің ұстаханасы, қоғамдық қатынастардың бастауы саналатын бірегей институт.

– Жаһандану үдерісі тұрмысымыз бен салт-санамызға өзгеріс әкелгенмен, ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтардан бас тартуға болмайды. Қай кезеңде де біз үлкенге – ізет, кішіге – құрмет көрсетуді дәріптейтін ата дәстүрімізді берік ұстануымыз қажет. Отбасы институты әлсіреп, салт-дәстүріміз ұмытылса, ел болып қалуымыз екіталай, – деді Н.Назарбаев. Бесінші, алтыншы және жетінші тұғырлар ретінде халықтың рухани тірегі – Ұлттық мәдениет, бақуатты өмірдің кілті – білім мен еңбек және бәсекеге қабілетті болудың кепілі – прагматизм белгіленді.

Ұлттық мәдениетіміз тұрғысында сөз қозғаған Елбасы бұл орайда “Өркениетті отыз елдің қатарына қосылуда материалдық құндылықтармен қатар, рухани байлықтың маңызы зор. Сол үшін мәдениетімізді зерделеп, өзге жұртқа насихаттай білген абзал. Басқа халықтарды тек өнер құдіретімен, ғылыми ізденіспен ғана мойындата аламыз”, – деді. Ал білім мен еңбекті бақуатты өмірдің кілті деп атаған Елбасы дана Абайдың “Өзіңе сен, өзінді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап” деген сөзін мысалға келтіре отырып, “Ендеше табыстың кілті үздіксіз білім алу мен тынымсыз еңбек етуде. Адал еңбек қана адамды мұратына жеткізеді. Осыны

* * * * *

НАУҚАСТАР САНЫ 2 ЕСЕГЕ АРТТЫ

Жоғары технологиялардың көмегімен емделген науқастар саны 2 есеге артты

Медицинаны дамытудың арқасында бүгінгі таңда диагностика мен емдеудің инновациялық, бірегей әдістері – жоғары технологиялық медициналық қызметтерді қолдана отырып, мамандандырылған медициналық көмек көрсету мүмкін болды. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының мәліметтері бойынша осы жылдың 10 айында ЖТМҚ арқылы 15,1 мың науқас ем алды. 2020 жылдың осы мерзімінде бұл көрсеткіш 7,2 мың болған. Өткен жылмен салыстырғанда негізгі өсім МӘМС жүйесі есебінен көрсетілген қызметтерді құрайды.

Қолжетімді технологиялар

Жоғары технологиялық медициналық көмек қымбат тұрады және оны мамандандырылған медициналық ұйымдарда біліктілігі жоғары бейінді дәрігерлер ғана көрсетеді.

2020 жылы еліміз бойынша 122 жеткізуші ЖТМҚ қолданумен медициналық көмек көрсетті, оның ішінде 42 – сі тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және 80-і міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде.

Ал 2021 жылы қазіргі уақытта 151 медициналық ұйым жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетеді, оның 55-і ТМҚК шеңберінде жұмыс істейді, ал 96 –сы МӘМС қорының жеткізушілері болып табылады. Ақтөбе, Жамбыл, Маңғыстау, Қарағанды облыстарында, Алматы қаласында айтарлықтай өзгерістер болды.

ЖТМҚ бойынша өнім берушілердің басым бөлігі ірі өңірлерде – Алматы, Нұр-Сұлтан, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарында шоғырланған.

Тиісінше медициналық көмектің осы түрлерін қаржыландырудың көлемі де өсті. Егер өткен жылы ТМҚК шеңберінде ЖТМҚ бойынша шарттар 3,9 млрд теңге сомаға жасалған болса, ағымдағы жылы бұл сома 5 млрд теңгені құрады (өсім 29% -ға жуық). МӘМС жүйесінде өткен жылы шарттар 29,2 млрд теңгеге жасалды, ал биылғы жылы олардың көлемі 55% -ға өсіп, шамамен 45,4 млрд теңгені құрады.

Жоғары деңгейде емделді

2021 жылдың 10 айының қорытындысы бойынша еліміздің стационарларынан жоғары технологиялық медициналық қызметтердің көмегімен 15,1 мың пациент емделіп шықты. Аталған емнің құны 39,3 млрд теңгені құрады.

Бұл ретте, пациенттердің басым бөлігі МӘМС шеңберінде-14,6

жастардың санасына сіңіру қажет”, – деді.

Прагматизм – бәсекеге қабілетті болудың кепілі екенін атап көрсеткен Н.Назарбаев бізге қолда бар мүмкіндікті пайдаланып, нәтижелі жұмыс атқару және көздеген мақсатқа тиімді қол жеткізу маңызды екеніне тоқталды. Осы орайда Елбасы қазір елімізде жастардың өзін-өзі дамытуына, білімін жетілдіруіне, сүйікті ісімен айналысуына мүмкіндік мол екенін, сондықтан прагматизм қағидаттары бойынша барынша қанағатшыл, үнемшіл, ұстамды болып, уақытты орынды пайдалануға талпынған жөн екенін айтты.

“Елдіктің жеті тұғырын” таныстыру барысында Елбасы халқымыздың Тәуелсіздіктің отыз жылдығын айтулы жетістіктермен қарсы алып отырғанына, Қазақстан құатты мемлекетке айналып, бірлігі бекем ел болғанымызға, сындарлы саясат жүргізіліп, әлеуеті зор нарықтық экономикалық жүйе қалыптастырғанымызға екпін берді. Тұңғыш Президент сондай-ақ ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсап өткен Тәуелсіздікке қол жеткізілгенін, елдігіміз қайта жаңғырғанын ең басты жетістік ретінде атады. Осы орайда Елбасы “Әлем картасында Қазақстан деген егемен елдің ойып тұрып орын алуы үшін аянбай еңбек еттік. Ендігі кезекте осы жетістігімізді еселеп арттыру ел ынтымағы мен тұтастығына байланысты”, – деді.

Алқалы жиында Нұрсұлтан Назарбаев алдағы кезеңдер елдігімізді, мемлекеттілігімізді нығайтудың жаңа белесі болатынына сенім білдіре келіп, бұл әрбір азаматтың ұлтымыздың болашағына жауапкершілікпен қараған кезде жүзеге асатынын жеткізді. Осы орайда еліміздегі ең ірі, әлеуетті саяси партия ретінде “Nur Otan”-ның халқымыздың игілігі үшін қолға алынған істердің алдыңғы шебінде болуы керектігі баса айтылды. Отырыстағы сөзінің соңында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев “Ендігі кезекте осы мерейлі күнге жеткізген, ырысымызды арттырған Жаратқанға шүкіршілік етіп, ертеңге сенімді қадам басу қажет. Рухымызды қайрап, еңсемізді тіктеп, бұдан да биік асуларға жету үшін және Тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашағы жолында тынбай жұмыс істеуге тиіспіз! Біз кез келген сынақтан сүрінбей өтіп, жеңіске бірге жетеміз! Тәуелсіздігіміздің отыз жылдық белесі құтты болсын!” – деді.

Айта кетейік, отырыста Премьер-министр, партия Саяси кеңесінің Бюро мүшесі А.Маминнің, Парламент Мәжілісінің Төрағасы, партия фракциясының басшысы Н.Нығматулиннің, Парламент Мәжілісінің депутаты, “Nur Otan” партиясы Өңірлік даму жөніндегі қоғамдық кеңесінің төрағасы Ю.Кучинскаяның, “Nur Otan” партиясы Шымкент қалалық филиалының төрағасы М.Әйтеновтің, “Nur Otan” партиясы Павлодар аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, “Nur Otan” партиясының аудандық мәслихаттағы фракциясының басшысы, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі В.Гейнтің, “Nur Otan” партиясының мүшесі, Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауылдық округінің әкімі Ә.Зарифовтің баяндамалары тыңдалды.

“Egemen Qazaqstan”.

ЦИФРЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫ ҚОЛДАНУ

EGov mobile қосымшасындағы «Цифрлық құжаттар» сервисінің арқасында «Отбасы банк» АҚ клиенттері енді қызметтерді жеке басын куәландыратын құжаттың цифрлық аналогы бойынша ала алады.

Цифрлық құжат жеке куәлік түпнұсқасының аналогы болып табылады.

«Цифрлық құжаттарды қазірдің өзінде бүкіл ел бойынша көптеген салаларда қолдануға болады, бірақ компаниялар өз клиенттеріне қызметтерді пайдалануға ыңғайлы болуы үшін интеграциялар жүргізіп, тиісті жабдықтар сатып алуы маңызды. Отбасы банк өз клиенті үшін уақытты үнемдеудің маңыздылығын түсіне отырып, олардың клиентті қажетті документтерді рәсімдеу кезінде смартфоннан цифрлық құжаттарды пайдалана алуы үшін қажетті цифрлық интеграцияларды жүзеге асырды. Біз азаматтар үшін де, бизнес үшін де көптеген процестерді жақсартта және оңтайлата отырып, болашақты құрудың бастауында тұрғанымызға қуаныштымыз»,- деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма Төрағасы Ростислав Коняшкин.

Отбасы банк клиенттері салым ашу кезінде цифрлық жеке куәлік пен цифрлық туу туралы куәлік сияқты цифрлық құжаттарды пайдалана алады. Жақын арада цифрлық жеке куәлікті кредиттік, кредиттен кейінгі және депозиттен кейінгі операцияларда да пайдалануға болады. Отбасы банкінде өз баспанасына 2 миллион қазақстандық ақша жинайды. Тек осы жылы ғана 480 мың адам жаңа депозиттер ашты. Ыңғайлы сервистерді «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-дағы әріптестермен берлесіп, біздің бөлімшелерімізге өтініш білдіргендер үшін дамытамыз. Енді олар сандық жеке куәлікті қолдана алады. Мысалы, егер біздің клиент үйінде құжатты ұмытып кетсе, бұл опция өте ыңғайлы. Біз ол клиентке қызмет көрсетеміз»,- деп атап өтті «Отбасы банк» АҚ Басқарма Төрағасы Ляззат Ибрагимова.

Осы процесс іске қосылған сәттен бастап 1200 - ден астам адам цифрлық құжаттарды пайдалана отырып, электрондық үкіметтің eGov mobile мобильдік қосымшасы арқылы «Отбасы банк» АҚ қызметтерін пайдаланды. Жаңа қызметті қолдану үшін:

- eGov mobile мобильді қосымшасында авторизациядан өтіңіз;
- «Сервистер» бөлімінен «Цифрлық құжаттарды» таңдаңыз;
- керек құжатты таңдаңыз;
- «Қол жетімділікті ашу» батырмасын басыңыз;
- банк менеджеріне смартфон экранында көрсетілген алты таңбалы қысқа кодты хабарлаңыз. Код автоматты түрде жасалады және ешқашан қайталанбайды.

Банк менеджері өзінің деректер базасына бірегей қысқа кодты енгізеді және жүйе клиенттің жеке басын куәландыратын құжатты автоматты түрде жүктейді.

Клиентті сәйкестендірудің бұл механизмі жоғары қауіпсіздікті қамтамасыз етеді және үшінші тараптардан түскен алаяқтықтың алдын алады.

Айта кетейік, қазіргі уақытта eGov mobile мобильдік қосымшасындағы «Цифрлық құжаттар» сервисі 18 құжаттан тұрады, олардың ішінде ең танымалдары: жеке куәлік, жүргізуші куәлігі, вакцинация паспорты, ПТР тест және туу туралы куәлік.

Бүгінгі таңда цифрлық құжаттарды Нұр-Сұлтан, Ақтөбе, Алматы, Шымкент, Ақтау, Атырау, Түркістан, Тараз қалаларының әуежайларында, «ҚТЖ» АҚ теміржол вокзалында вагонға отырғызу кезінде, сонымен қатар банктер мен нотариустардан қызмет алу кезінде пайдалануға болады.

Цифрлық құжаттарды пайдалану ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ мен «Отбасы банк» АҚ ақпараттық жүйелерін интеграциялаудың арқасында жүзеге асты. Анықтама үшін: Цифрлық құжат – цифрлық құжаттар сервисі қалыптастыратын, мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерді электрондық нысанда алу үшін, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау кезінде қажетті электрондық құжат. «Цифрлық құжаттар» сервисі жеке басты куәландыратын құжат түпнұсқасының электрондық нұсқасын тікелей пайдалануды көздейді, бұл азаматтарға басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдарға қандай да бір қызметтер көрсету үшін (мысалы, әуе және т/ж билеттерін сатып алу кезінде және т.б.) электрондық құжатты ұсынуға мүмкіндік береді.

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ қоғаммен байланыс басқармасы.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының баспасөз қызметі

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ:



Қазақстандықтардың өмір сүру сапасын жақсарту, әл-ауқатын арттыру, экономиканы дамыту - Елбасы, еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев негізін қалаған және Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың басшылығымен табысты жалғасып келе жатқан мемлекеттік бағыттың басты басымдықтары. Бұл бағыт "Nur Otan" партиясы қызметінің негізіне айналды.

Тәуелсіздік жылдары ішінде азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған күнделікті тынымсыз жұмыс біздің басымдығымыз - мықты көшбасшы басқарып отырған партияға сенетін қазақстандықтардың мүдделері екенін үнемі дәлелдеп отырды.

ауыл әкімдерін сайлауда айқын жеңіске жеткендігімен расталды.

"Nur Otan" нақты істер партиясы ретінде сайлаудан кейінгі алғашқы күннен бастап сайлау алдындағы уәделерін орындау бойынша белсенді әрі ауқымды жұмыс атқарды. Мәселен, өңірлік және барлық 14 аумақтық деңгейде жол карталары қабылданды, жоспарлар бекітілді, штабтар құрылды, Қоғамдық кеңестер ұйымдастырылып, жұмыс істейді, оған сарапшылар, депутаттар кірді, жол карталарын іске асыру бойынша нақты жұмыс басталды. Атап айтқанда, "Nur Otan" партиясының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі жол картасы бес жыл ішінде 7 бағыт бойынша 129 іс-шараны көздейді. Оның ішінде 2021 жылы 117 іс-шара іске асырылуда.

ҚАУАТТЫ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ

Сайлауалды бағдарламаның "экономикалық тұрғыдан жайлы өңір" атты бірінші бағыты ең ауқымды, ол бойынша биыл 38 іс-шараны іске асыру жоспарланған. Халық табысының өсуі және жұмыс орындарын құру басты басымдық ретінде айқындалды. Коронавирустық пандемияға қарамастан, облыс экономикасы

сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі. Ауыл шаруашылығын одан әрі дамыту және аграрийлерді барынша қолдау үшін 2025 жылға қарай өндірілетін сүтті қайта өңдеуді 47% - дан 60%-ға дейін ұлғайту, ет өңдеу кәсіпорындарының қуатын жүктеуді 42% - дан 55% - ға дейін ұлғайту, 16 инвестициялық жобаны іске асыру, сондай-ақ сыртқы өткізу нарықтарын кеңейту жоспарлануда. Бүгінгі таңда бұл бағытта жақсы нәтижелер бар.

Біздің өңір еліміздің сүт саласында жетекші орынға ие. Мәселен, Қазақстанда соңғы 3 жылда 32 өнеркәсіптік сүт кешені іске қосылды, оның 12 - сі немесе әрбір үшіншісі-Солтүстік Қазақстан облысында.

Бұған тоқмейілсуге болмайды. 2021 жылы облыс бойынша біз 16 кешен салып жатырмыз, жыл соңына дейін 10 сүт фермасы іске қосылады. Сондай-ақ, ет саласын дамытуда: ет өндірісін 60 мыңнан 100 мың тоннаға дейін арттыруды жоспарлап отырмыз. Ол үшін 13 мың басқа арналған екі бордақылау алаңының құрылысы жүргізілуде, өңірдің құс етіне қажеттілігін 100% қамтамасыз ету мақсатында жылына 6 мың тонна бройлер



Екі жыл бұрын "Nur Otan" өзінің ауқымды қайта жүктелуіне кіріскен кезде, партия басшылығы отандастарымыздың өмірін қолайлы, аман-есен және қауіпсіз ету міндетін қойды. Осы уақыт ішінде біз Халықпен жұмыс істеу принциптерін қайта қарадық, қоғамдық қабылдауларды қайта форматтадық, партия филиалдарының қызметі жобалық басқаруға көшті.

Қайта жүктеу жарияланғаннан бері өткен жылдардың басты оқиғалары еліміздегі алғашқы "Nur Otan" праймеризі, Мәжіліс және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарын сайлау болды, соның арқасында партия қоғамдық пікірдің жаңа көшбасшыларына ие болды. Нәтижесінде партия әйелдерді депутаттық жұмысқа тартып, мәслихаттардағы фракциялардың құрамы айтарлықтай жасарды. Мәселен, облыстық мәслихаттағы партиялық фракция 70 пайызға жаңарды. Біз уәде еткендей, оның құрамына 30% әйелдер мен 20% 35 жасқа дейінгі жастар кірді.

БАҒДАР - ӨЗГЕРІСТЕР

Қайта жүктеу нәтижелерінің бірі партияның сайлауалды бағдарламасы болды, оны орындау - бүгінгі күні біздің алдымызда тұрған ең маңызды міндет. Ол бастауыш кезеңде жиналған сайлаушылардың тілектері мен ұсыныстарын ескере отырып әзірленді және ең маңызды мәселелерді көрсетті. Сайлау алдындағы бағдарламаны орындауға Біз Тәуелсіздіктің 30 жылдығында кіріскеніміздің символдық мәні бар, осы маңызды күнге сайлаушылардың өзіне жүктелген үмітін ақтауға нақты ниетпен жақындадық. Халықтың жоғары қоғамдық сенімі, бірінші кезекте, біздің партияның парламенттік сайлауда және

тұрақты жұмыс істейді. Осы кезеңде халықтың табысын сақтап қана қоймай, оларды көбейту мүмкін болды.

Жол картасы индикаторларының алғашқысы - жалақының өсу көрсеткішіне қол жеткізілді. 2021 жылға арналған 161 мың теңге жоспары кезінде бүгінгі күні 2021 жылғы қаңтар-қыркүйек айларындағы орташа айлық номиналды жалақы 181 мың теңгені құрады. 2025 жылға дейін бұл көрсеткіш тек қана өсетін болады, жоспар бойынша осы мерзімге қарай облыс бойынша орташа жалақы шамамен 213 мың теңгені құрайды. Сондай-ақ, өңірде 13 мыңнан астам жұмыс орны ашылды. Жоспарға сәйкес осы жылдың соңына дейін тағы 400-ге жуық жұмыс орны ашылады. Жалпы, 2025 жылға дейін жыл сайын 13 мыңға дейін жұмыс орны құрылады, соның нәтижесінде ауыл шаруашылығы көлемінің жыл сайынғы өсімі 779-дан 1,2 трлн-теңгеге, 2025 жылға қарай өнеркәсіп көлемі 374 млрд. асады деп күтілуде. Облыстың өнеркәсіп секторы 280 млрд. теңгеге өнім шығаруды қамтамасыз етті, бұл ретте инвестициялық жобаларды іске асыруға баса назар аударылды. Жыл басынан бастап ламинатталған фанера өндіру жөніндегі комбинат іске қосылды, май зауытын кеңейту аяқталды, 2 сүт зауыты жаңғыртылды, сондай-ақ электр техникалық жабдықты өндіру жөніндегі зауыт және CLAAS ауыл шаруашылығы техникасын құрастыру жөніндегі кәсіпорын сияқты жобалар іске асырылуда. Кірпіш және қағаз өнімдерін шығаратын зауыттың құрылысы жүріп жатыр. Жалпы, 2025 жылға дейін өнеркәсіп саласында 10 жаңа кәсіпорын пайда болады.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету - партияның

етін өндіретін 2 құс фабрикасының құрылысы жүргізілуде.

Өткен жылы біздің облыс 600 мың тоннаға жуық сүт өндірді. Сүттің жартысынан көбі өңдеуге жіберілді. "Маслодел" және "Евразиян Милк" сүт зауыттары өндірісті жаңғыртуға және заманауи желілерді іске қосуға 16 млрд. теңге бағыттайды. Жылына қайта өңдеу қуаты 370 мың тонна май экстракциялық зауытының құрылысы жүргізілуде. Бұл жобаны "Маслодел" компаниясы іске асыруда, инвестиция сомасы 15 млрд. теңгені құрайды, нысанда 200-ге жуық адам жұмыспен қамтылады.

БИЗНЕСКЕ НАЗАР АУДАРУ

Аймақтағы эпидемиологиялық жағдайдың ұшығуына байланысты енгізілген карантин кезеңінде шағын және орта бизнестің зардап шегу қаупі болды. Алайда, қабылданған бірқатар шаралар бұған жол бермеді, оның үстіне ШОБ-ты дамыту, оның ішінде мемлекеттік қолдау шаралары есебінен де белсенді түрде жалғасуда. 2021 жылдың басынан бастап "қарапайым заттар экономикасы" шеңберінде 29 жоба қаржыландырылды, оның ішінде 12 жоба бойынша субсидиялау шарттарына қол қойылды, 9 - кепілдік берілді.

"Бизнестің жол картасы-2025" мемлекеттік бағдарламасы аясында жаңа жобалар бойынша жыл сайын қолдау көрсетіледі. 2021 жылдың күзіндегі жағдай бойынша мемлекеттік бағдарлама шеңберінде субсидиялау бойынша 457 жоба мақұлданды, кепілдік беру құралы бойынша 398 кепілдік берілді, жетіспейтін инфрақұрылымды жүргізуге 11 өтінім мақұлданды, гранттық қаржыландыру бойынша 36 грант берілді.



ӨЗГЕРІСТЕР УАҚЫТЫ!

Құмар АҚСАҚАЛОВ,
«Nur Otan» партиясы Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының төрағасы, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

ЖАЙЛЫ Өңір

Өңір тұрғындары үшін қолайлы жағдай жасау – жеке әңгімеге арқау болатын тақырып. Сайлауалды бағдарламаның бұл блогында халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуге, жолдарды жөндеуге және тұрғын үй құрылысының көлемін ұлғайтуға ерекше көңіл бөлінген.

Ауыл тұрғындары үшін өзекті мәселелердің бірі – ауыз суға қол жеткізу. Бұл салаға елеулі қаржылық инвестициялар қазірдің өзінде құйылып жатыр. 11,4 млрд. теңге бөлінді, бұл 2020 жылғыдан 2 есеге артық. 49 елді мекенде ауыз судың сапасы жақсарады, онда 3 мыңнан астам отбасы суды үйге қосу мүмкіндігіне ие болады. Облыста 11 мыңнан астам солтүстікқазақстандық тұратын 18 ауыл қосылған Преснов топтық су құбырының екінші кезегі іске қосылды. Осы ауқымды жобаның арқасында жыл соңына қарай біз ауыл халқының 83,5% - ын сапалы ауыз сумен қамтамасыз етеміз. Жалпы, 5 жыл ішінде біз 78 елді мекенді қамтимыз және ауыл тұрғындарын сумен қамтамасыз етуді 100% - ға дейін жеткіземіз.

Жол инфрақұрылымын жақсарту бойынша жұмыстар жүргізілуде. 2021 жылы 813 км жол, оның ішінде 44 ауылдық елді мекенде 117 км кентішілік жолдар жөнделетін болады. Биыл құрылыс саласына 27 млрд. теңге бағытталды. Бұл өңірдің 12 мыңнан астам тұрғыны үшін 3,5 мың пәтер салуға мүмкіндік береді. Соңғы жылдары коммерциялық тұрғын үй құрылысы жанданды, капиталы бар жеке компаниялар көбейіп келеді. "Жас Өркен", "Береке" шағын аудандары мен Уәлиханов көшесінің бойында құрылыс жұмыстары жалғасуда. Кезекте - "Қопай" және "Набережный". 5 жыл ішінде облыста 2,3 млн. шаршы метр тұрғын үй салу жоспарланған, бұл 21 мыңнан астам пәтер.

шағын аудандарында жаңа емханалар ашылады. Біздің ауруханалар заманауи МРТ аппараттарымен, компьютерлік томографпен, сандық маммографтармен, сараптамалық кластағы УДЗ, рентген және ангиографтармен толықтырылды.

Соңғы жылдары өңір медицина кадрларының тапшылығы проблемасына тап болды, соның салдарынан халық сапалы және жедел көмек ала алмады. Қазір облыс үшін бұл маңызды мәселе шешілуде. Биылғы жылы 103 жас маман келді, оның ішінде 36-сы - бейінді маман. Алғаш рет 2,5 млн. теңге көлемінде рекордтық көтерме ақы төленеді. Сондай-ақ, ауылдық жерлерде 47 медициналық нысанның құрылысы басталады, олар ауылдарда медициналық қызмет көрсету сапасын арттырады.

Бүгінгі күні 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту көрсеткішіне қол жеткізілді: облыс бойынша ол 2021 жылға арналған Жол картасы бойынша жоспар 75% - ды қосқанда 80,1% - ды құрайды. Сондай-ақ, облыс орталығын қамтып ұлғайту мақсатында ағымдағы жылдың соңына дейін жұмыс істеп тұрған мектепке дейінгі ұйымдарды 600 орынға кеңейту жоспарланған болатын. Бүгінгі күні 123 орын ашылды, ағымдағы жылдың соңына дейін 477 орын ашу жоспарлануда.

Колледждер де материалдық-техникалық базасын жаңартуда. Биыл 5 ауылдық колледж 1,4 млрд. теңгеге жабдықталды. Жалпы, биыл 4 миллиард теңгеге 52 орта оқу орны жаңғыртылды, 84 мектептің материалдық-техникалық базасы жаңартылды, 18 автобус сатып алынды. Облыс орталығында 1200 оқушыға арналған мектеп пен 2 ауыл мектебі салынады. Алдағы жылдары 15 жаңа мектеп салу жоспарлануда.

Қазіргі заманғы зертханалары бар Солтүстік Қазақстан университетінің оқу-зертханалық корпусының құрылысы жалғасуда. Бүгінде бұл жоба талапкерлерді тарту үшін маңызды демеу болып табылады және партияның сайлауалды бағдарламасының басымдықтарының бірі болып белгіленген. Оны салу қажеттілігі соңғы жылдары білім алушылар контингентінің өсу динамикасына байланысты. Оқу корпусы заманауи талаптарға сай болады.

Бұқаралық спорт түрлерін дамыту мақсатында облыста 2 заманауи дене шынықтыру-сауықтыру кешені ашылды, 2 жабық хоккей корты салынды және пайдалануға берілді. Тағы 5 ДШСК құрылысы жалғасуда. Жыл соңына дейін 2 жабық хоккей корты және 1 дене шынықтыру-сауықтыру кешені ашылады.

БАРЛЫҚ САЛАЛАРДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Партия жастар мен өскелең ұрпақтың қажеттіліктерін әрдайым есте сақтайды. Бірінші кезекте оларды жұмысқа орналастыру біздің мүддеміз үшін қажет. Осылайша, жастар саясаты саласында біз 5300-ден астам жас адамды жұмыспен қамти алдық, оның ішінде 4500 маманға жұмыс табылды, 400 адам оқытумен қамтылды, бизнеске 400 адам тартылды.

Жас кәсіпкерлерге өз ісін ашуға 411 шағын несие берілді. 1200 орындық 2 студенттік жатақхананың құрылысы жүргізілуде.

Партия әрқашан мәдени және рухани құндылықтардың

сақталуы мен көбеюін есінде сақтайды, бұған Сайлауалды бағдарламаның жеке бағыты арналған. Бүгінде облыста "Рухани жаңғыру" бағдарламасы тиімді жүзеге асырылуда. Мәселен, Петропавл қаласында ашық аспан астындағы "QYZYLJAR art centre" бірегей мәдени орталығы ашылды. Қазір өңірде бірқатар мәдениет нысандарында, соның ішінде "Ботай" қонысы мен "Сырымбет" мекенінде ғылыми-реставрациялық жұмыстар жүргізілуде. Биыл 19 ғасырдағы мешітті қалпына келтіру жұмыстары басталды, онда Ислам мәдениеті мұражайы қайта жаңғыртылады.



Орта ғасырлардағы бірегей "Қызыл-Оба мазары" ескерткішінде археологиялық жұмыстар жалғасуда.

Сайлауалды бағдарламаның арнайы тармағы өңірде өмір сүру қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған. Ол үшін бірқатар шаралар қабылданды: Петропавл қаласында штаттық саны 43 адам, құқық қорғау бағытындағы 329 қоғамдық құрылымдары бар жедел басқару орталығы жұмыс істейді, "Қауіпсіз қала" акциясы өткізілуде. Бүгінгі таңда СҚО полиция департаментінде портативті алып жүретін Тіркеушілермен жабдықтау 787 бірлікті құрайды.

ЖОСПАРЛАНҒАН МАҚСАТҚА ЖЕТУ

Қазір "Nur Otan" нақты істер партиясы ретінде осы және басқа да көптеген сайлау алдындағы уәделерді орындауға бар күшін салуда. Әр ауданда өзінің жеке сайлауалды бағдарламасы бар екендігі бекер емес. Себебі әр мәселе терең зерттеліп, шешу жолдары табылды. Ендігі жұмыс - жоспарланған барлық нәрсені орындау.

Ойластырылғанды тиімді орындау үшін біз барлық қажетті ресурстарды іске қостық, жол картасының әрбір көрсеткіші бойынша индикаторларды іске асыруды тұрақты және жүйелі бақылауға алып, қоғамдық кеңестер құрдық.

Сайлау алдындағы уәделерді орындау Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығында басталды. Көптеген жобаларды, сондай-ақ барлық көзделген іс-шараларды іске асыру жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізуге және партияның халық алдында қабылданған міндеттемелердің орындалуын әрдайым қамтамасыз етуге дайын екендігін көрсетуге мүмкіндік беретініне сенімдімін. Бұл біздің облыс тұрғындарының әл-ауқаты мен өркендеуін қамтамасыз ету үшін жауапкершіліктің басты миссиясын растайтын партияның бүгінгі басты міндеті.



ӨМІР СҮРУДІҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ – БАСТЫ БАСЫМДЫҚ

Солтүстік Қазақстан облысын әлеуметтік салада үлкен өзгерістер күтіп тұр. Денсаулық сақтау саласында медициналық қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін Петропавлда 200 орындық жұқпалы аурулар ауруханасы іске қосылды, аудандарда 2 фельдшерлік-акушерлік пункт салынды, 480 орындық көп бейінді аурухананың құрылысы жалғасуда. Бұл нысандар жұмыс істеп тұрған медициналық мекемелерге жүктемені айтарлықтай төмендетеді. Сонымен қатар, "Береке" және "Жас Өркен"



Адамның ойындағысы бола бермейтіні бесенеден белгілі. «Үйдегі көңілді базардағы нарық бұзады» дегендей, дiттеген жеріңе қоңырайып барып, кейде қордың күйін кешіп, қабағың қабаржып қайтатын кездер де болады.

Egemen Qazaqstan

Қазіргі басты мәселе денсаулық жайы екені мәлім. Екі жылға таяу уақыттан бері адамзатты бір тарының қауызына сыйғызып келе жатқан пандемия кеселі оқтын-оқтын ұрын келіп, адамдардың үрейін алып, бір-біріне үрке қарайтын, саулығына күмән келтіретін күйге түсіріп отыр. Қол алысудан секем алғандар жұдырық түйістіретін болып жүр. Алғашында ала жүгірген бұлың-бұлың жұдырықтан ет жүрек тітіркенетін. Кейін оған да көз үйренді.

Індетпен бірге күзде тұмау бел алатыны бар. Қазір солай болып тұр. Емханаға барсаң, ығы-жығы жұрт. Әсіресе отбасылық деп біраз жылдан бері ат қойып, айдар таққан, өркениет жолына түскен елдерде осылай деп әспеттеген, әр үйдің төменгі қабатын «жаулаған» әлгіндей емханалардың кейбірінің ішіне кірсеңіз күркілдеген, түшкірген қартты, үркектеген орта жастағыларды, тыжырынған қыз-жігітті, дамылсыз шырылдаған нәрестені, ақ халаттыны көрсе көзі боталаған балдырғандарды, бір шоғырының алаңсыз шапқылап жүргенін байқағанда бас шайқамасқа шараң қайсы. Мына көріністен түңіліп, теріс айналып кете алмайсың, себебі бірнеше күн бұрын кезекке жазылғаның бар.

Аты дардай болғанымен, мұндай жерге дәрігерлер тұрақтай бермейтіні шындық. Әралуан себеп айтылады. Бұл маман жетіспеушілігіне тірейтінін ешкім жоққа шығара алмаса керек. Қолбайлау осыдан туындайтыны рас. Құрал-жабдығы да жетімсіз. Содан болар, іргелі емханаларға жолдама беруге мәжбүр. Әрі-бері сабылу, барған емханадағы толассыз кезек талайдың жүйкесін жұқартуда. Сонымен ғимараты көп жағдайда тар болып келетін осындай шағын мекемелер қауырт тұмау кезінде шарасыз.

«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздеуге» талпынасың, бірақ көкте емес, жер басып жүрген соң, тұмауы ма, сұмауы ма сап ете түседі. Ол ескі сыңқылды сабақтап, мазанды кетіреді. Емханаға барасың. Ерсілі-қарсылы жүріс, тұнжыр көрініс, қарап тұрып қапа боласың. Ондағы кейбір емдейді дейтіндер қолсозым жерде шымқанып алып, бетіңе бір қарап, анда бар, мында бар дейді. Екі арада жүргенің. Баяғының дәрігерлері сөзіңді тыңдап, қолындағы бар құралымен тексеретін. Бұл жаныңды жадырататын. Өткеннің жақсысын алған жөн бе еді?

Иә, «алысқа сандалмайсың, қажет кезде үйіңнен шығып бара саласың» деген әдемі бастама кей тұста былайғы жұрттың бас ауруына айналғандай. Бұрынғыдай емес, індет деген пәлекет «басынып» тұрғанда қалжыраған қарттан бастап, бесіктегі нәрестеге дейін шұбыртып қою көңілге кірбің түсіреді. Ең бастысы, емделем деп барып, бір сырқатты жұқтырып қайтсаң, ол да қиын. Ем аламын деп барып есеңгіреп қалдым дегендер де жоқ емес, бар. Өзіміз өзеуреп айта беретін елдердегідей уақтысымен қызмет көрсету үрдісіне толық қол жеткізе қоймағанымыз тағы рас. «Көш жүре түзеледіні» медет етуден жалыға қоймадық. Мүмкін, қалтасы қалыңдар баратын ақылы, игі-жақсылар жататын арнайы ауруханаларда жағдай жақсы болар. Қарапайым халық емделетін мекемелерге жасалған жөнді-жөңсіз реформалардың пайдасынан зияны аз болмай тұр.

Биылғы Жолдауында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Халқымыз «Бірінші байлық – денсаулық» деп бекер айтпаған», деді. Осы ақиқат сөзді денсаулыққа жауапты азаматтар ісімен алға оздырса, кәне! Ана ғасыр басында Алаш ұлы Ж.Аймауытов: «Қазаққа зор кеуде ақсүйектің, ақша жегіш жалтырауық шенеуніктің, сұлу сөзді, құрғақ бектің керегі жоқ; адал күшімен өгіздей өрге сүйрейтін жұмысшы керек. Сол жұмысшы – оқығандар», депті. Бүгінгі оқығандар да осы сөздерді оқып ойланса, емханалардағы әттеген-ай болмас па еді?

Оқығандар демекші, Аймауытов әріп танып, сауатын ашқан жандардың бәрін «оқығандар» деп айтпаса керек-ті. Елдің мүддесін, халқының қамын, жұртының жоғын түгендеу жолында қалтқысыз қызмет ететін, қара басының емес, көпшіліктің ықыласын күйтейтін «жұмысшыларды» оқығандар деп айтады. Осындай «жұмысшылардың» дәл қазір медицина саласында олқы соғып тұрғаны анық. Осы салада «адал күшімен өгіздей өрге сүйрейтін жұмысшылар» көбірек болса, халықтың да «бірінші байлығы» індет атаулыға қарсылық танытып, иммунитеті де күшейе түсер еді.

Сүлеймен МӘМЕТ, журналист

COVID-19 бойынша ЖАДЫНАМА

COVID-19 бұл коронавирус тұқымдасының соңғы табылған вирусынан туындаған жұқпалы ауру.

COVID-19 көп таралған белгілеріне дене температурасының көтерілуі, құрғақ жөтел және әлсіздік жатады.

Сирек кездесетін белгілеріне тамақтың ауруы, буын және бұлшық еттің ауыруы, мұрынның бітелуі, бас ауруы, диарея, дәм мен иіс сезудің жоғалуы, аяқ және қол саусақтары терісінің бөртүі немесе түсінің өзгеруі, конъюнктивит жатады. Әдетте, бұл белгілер біртіндеп дамып, әлсіз қалыпта өтеді. Кейбір жұқтырған адамдарда ауру өте жеңіл немесе симптомсыз түрде өтеді.

Сырқаттанғандарың көпшілігі (шамамен 80%) өздігінен қалпына келеді және ауруханаға жатуға мұқтаж болмайды. Шамамен бес жағдайдың біреуінде COVID-19 ауыр түрде, тыныс алу жеткіліксіздігі және басқа да асқынулармен өтіп жатады.

Егде жастағы (қарт) адамдарда, сондай-ақ ілеспелі аурулары бар адамдарда (анамнезінде жүрек және өкпе аурулары, қан диабеті, терең тамыр тромбозы, тромбоэмболия және т.б. бар) аурудың ауыр ағымы жиі кездеседі. Алайда, әрқайсысы COVID-19 жұқтырып, оны ауыр түрде өткеруі әбден мүмкін.

Егер сізде COVID-19 күрделі ағымының пайда болу қаупі бар болса, сіз бекітілген жердегі емхананың учакелік дәрігеріне хабарласуыңыз керек, ол қажет болған жағдайда Сізге тексеріліп, ілеспелі ауруларды емдеуді тағайындайды.

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

Өздігінен ем қабылдамаңыз! Егер Сізге жоғарыда аталған COVID-19 ауруының белгілері пайда болса, онда үйде қалып, емханамен телефон арқылы байланысыңыз. Медициналық ұйымның мобильдік тобы Сізге үйде қызмет көрсетеді!



КОРОНАВИРУСҚА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЛАР

Медицинада мүлдем қауіпсіз ештеңе жоқ. Кез келген дәрі-дәрмек, ББҚ мен дәрумендер жағымсыз реакциялардың белгілі бір қаупін тудырады. Вакциналар да солай. Олар 100 пайыз қауіпсіз емес. Алайда вакциналарға жағымсыз реакциялар өте сирек кездеседі, көбінесе зиянсыз болады. Мысалы, кейбір адамдарға (өте сирек жағдайда) вакцина аллергиялық реакциялар тудыруы мүмкін. Бұл жағдай вакцина салғаннан кейін он бес минут ішінде байқалуы мүмкін. Осы себепті, вакцина салған соң жарты сағат дәрігердің бақылауында болу керек. Коронавирусыға қарсы вакцинациядан кейін дәрігерлер өте сирек жағдайда қан тамырларындағы асқынған қан ұйғыштары – тромбтардың пайда болғанын атап өтті. Олар вакцина алған адамдардың 0,002 пайызында ғана кездеседі. Бұл ықтималдылықты жасын түсу немесе құлаған көпірдің маңында кездейсоқ болып қалу мысалымен салыстыруға болады. Бұл сирек, өте сирек кездеседі. Сонымен қатар, егер ковидті жұқтырсаңыз, тромбтар пациенттердің 20 пайызында, яғни әрбір бестен бірінде ауру ағымын қиындатады. Коронавирусыға қарсы вакцина алып, өзін қорғаған жандармен салыстырғанда вакцина алмаған адамдарда тромбтың асқынуына әкелетін ковидтің ауыр түріне шалдығу қаупі жүз есе жоғары.

Вакцина аурудан 100 пайыз қорғайды, 10 пайыздық ауру жұқтыру қаупі сақталады.

Вакцина автомобильдегі қауіпсіздік белдігіне ұқсас. Белдік апат кезінде жарақат алудан 100 пайыз қорғамаса да, ауыр жарақат алудан, жарымжан болып қалудан, кейде өлімнен сақтайды. Сол сияқты, вакцина инфекциядан 100 пайыз қорғамаса да, ковидтің ауыр асқынуының алдын алады және өмірді сақтап қалуы мүмкін. Есіңізде болсын, коронавирустың мутацияланған нұсқасы жұғуынан сақтану үшін вакцинаның екі дозасын алу керек. Вакцина алғаннан соң бір ай бойы иммундық қорғаныс толық дамымайды. Осы кезеңде барлық сақтық шараларын ұстану өте маңызды: маска тағыңыз, адамдар көп болатын жерге бармаңыз.

Пандемия қашан аяқталады?

Бұл, негізінен, халықтың вакцинаны қаншалықты сәтті алғанына байланысты. Азаматтарды вакцина салдыруға қызықтыру үшін Қазақстанда вакцинацияланғандар арасында пәтерлерге ұтыс ойыны өткізіле бастады, басқа да материалдық ынталандыру әдістері қолданылып жатыр. Айтпақшы, бұл басқа елдердің де, мысалы, АҚШ-тың кейбір штаттарының тәжірибесінде бар.

Америка Құрама Штаттары 4 шілдеде, яғни өздерінің тәуелсіздік күніне дейін пандемия аяқталуы керек деп мәлімдеді. Осы күнге дейін ересек тұрғындардың 70 пайызы вакцинаның кем дегенде бір дозасын, ал халықтың көп бөлігі екі дозасын алуы қажет деп жоспарлаған болатын. Бұл көрсеткішке Нью-Йорк, Калифорния және елдің басқа да бірқатар прогрессивті қалалары мен аймақтары қол жеткізді.

Мен Қазақстанда дәл осылай жасауды ұсынамын. Атап айтқанда, тәуелсіздіктің 30 жылдығына – 16 желтоқсанға дейін елдің ересек тұрғындарының 70 пайызына вакцина салуға тырыссақ. Менің ойымша, бұл орындалуы мүмкін міндет. Бұл бізге пандемиялық дағдарыстан тезірек шығуға мүмкіндік береді.

Алмаз ШАРМАН,

Профилактикалық медицина академиясының президенті, Америкалық денсаулық сақтау қауымдастығының мүшесі.

МРТ АРҚЫЛЫ КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕР

Қазіргі таңда МӘМС жүйесі арқылы көптеген медициналық қызметтерді алу оңай болды. Біздің елімізде онкологиялық және жүрек-қан тамырлары ауруларының айтарлықтай жоғары көрсеткіштерін, сондай-ақ коронавирустық инфекцияның болуын ескере отырып, компьютерлік және магниттік-резонанстық томография қызметтерінің қолжетімділігі мәселесі өзектілігін жоғалтпайды.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры биыл осы қызметтерге өнім берушілердің саны тиісінше 26% - ға және 21% - ға артқандығын атап өтті. Демек, бұл азаматтарда диагностикадан өтуге көбірек мүмкіндіктің пайда болғандығын көрсетеді. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізгенге дейін КТ және МРТ қызметтерін ұсыну тұрақты қаржыландырылмайтын бағыттардың бірі болды. Өз аймағының ауруханасында немесе емханасында кезекте тұрған азаматтар КТ немесе МРТ-дан өту мүмкіндігін кейде бірнеше айлар бойы күтті.

Жағдай қалай өзгерді? Егер 2020 - жылы КТ бойынша Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының өнім берушілері 135 медициналық ұйым болса, биыл 190 медициналық ұйым бар. Өткен жылы МРТ-ның 95 өнім берушісі болды, ал осы жылы – 121 медициналық ұйым осы диагностика бойынша қызмет көрсетеді. Бұл үрдіс алдағы жылдары да жалғасады, өйткені Қор оларды нарыққа жақындату және жеке өнім берушілер үшін тартымды ету мақсатында төлем тарифтерін көтеруді қолдайды. Қазір көптеген елді мекендерде КТ/МРТ жеке кабинеттері ашылуда, олардың кейбіреулері қызметтерге деген жоғары сұранысты ескере отырып, тәулік бойы жұмыс істейді. Атырау, Түркістан, Павлодар облыстары мен Шымкент қаласында КТ өнім берушілерінің саны айтарлықтай өсті. Ақмола және Павлодар облыстарында МРТ өнім берушілерінің саны артты.

Өнім берушілердің көпшілігі ірі өңірлерде халық санының өсуіне байланысты байқалады: Алматыда МӘМС жүйесі бойынша КТ қызметтері бойынша 19 медициналық ұйым және МРТ бойынша 16 медициналық ұйым, Нұр-Сұлтанда – тиісінше 17 және 11 медициналық ұйым, Түркістан облысында – тиісінше 15 және 12 медициналық ұйым, Шымкентте – тиісінше 13 және 11 медициналық ұйым, Алматы облысында – тиісінше 16 және 5 медициналық ұйым жұмыс жасайды.

Айта кетейік, өңірде қажетті медициналық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне кіреді, сондықтан өңір ішіндегі қандай да бір ауданда жабдықталудың мониторингі мен өнім берушілердің қатысуы бойынша қажетті жұмысты денсаулық сақтау басқармалары жүргізеді. Биылғы жылы КТ және МРТ қызметтеріне жасалған шарттардың сомасы 2 есеге жуық өсті. Егер 2020 жылы бүкіл ел бойынша шарттардың сомасы шамамен 706 млн теңгені құраса, 2021 жылғы 1 - қарашадағы жағдай бойынша шарттар 1,4 млрд теңгеге дерлік жасалды.

Ағымдағы жылдың 10 айының қорытындысына сүйенетін болсақ КТ және МРТ-ға тиесілі медициналық сақтандыру бойынша 46,9 мыңға жуық қызмет көрсетілді, яғни емдеуші дәрігердің жолдамасы бойынша жоспарлы түрде.

Жалпы, ел бойынша көрсетілген қызметтер сомасы 2021 жылдың қаңтар-қазан айлары аралығында шамамен 907 млн теңгені құрады.

Салыстыру үшін, өткен жылдың ұқсас кезеңінде жалпы құны 207,5 млн теңге болатын КТ/МРТ бойынша барлығы 11,4 мың қызмет көрсетілді. Осылайша, көрсетілген қызметтер көлемі 4 еседен астам өсті.

МӘМС арқылы томографиядан қалай тегін өтуге болады?

Науқасқа кез-келген диагностикалық процедураны емдеуші дәрігер тағайындайды. Ол науқастың жағдайын, шағымдарын, аурудың белгілерін зерттейді. Тиісті көрсеткіштер болған кезде дәрігер КТ немесе МРТ жүргізуге жолдама бере алады. Бұл қызметті жоспарлы түрде алу үшін пациентте МӘМС жүйесінде «Сақтандырылған» мәртебесінің болуы тиіс.

Егер КТ/МРТ қызметтерін алуға қатысты сұрақтарыңыз болса немесе сіз олардың көрсеткіштеріне қол жеткізе алмасаңыз, онда өз емханаңыздағы Пациентті қолдау қызметіне хабарласуыңызға болады. Сондай-ақ, ұзақ күтуге байланысты өз аймағыңызда томографиядан өту мүмкіндігі болмаған жағдайда, сіз өз аймағыңыздың Денсаулық сақтау басқармасынан жағдайды нақтылай аласыз. Егер мәселені сол жерде шешу мүмкін болмаса, онда Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына өзіңізге ыңғайлы тәсілмен өтініш беріңіз: Ресми fms.kz сайты, 1406 байланыс орталығы, Telegram-дағы 24/7 Qoldau және SaqtandyruBot мобильді қосымшасы.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»

КЕАҚ Солтүстік Қазақстан облысы бойынша

филиалының баспасөз қызметі

ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ТҰҒЫРЛЫ БОЛСЫН!

Биыл тәуелсіздік алғанымызға отыз жыл толғалы отыр. Осы уақыт ішінде еліміз аяққа нық тұрды, Қазақстан деген атпен бүкіл әлемге танымал болып, талай ауқымды істер жасалды. Тәуелсіз ел болам деп, осы жолда қазағымыздың көрген қасіреті бір бөлек. Ендігі бізге аманат болып келген елдігімізді, егемендігімізді сақтап, оны келешек ұрпаққа қалдыру біздің міндетіміз.

Кезінде сонау зар заман ақындары мен жыраулары еркіндікті, теңдікті аңсап жырға қосты. Осы тұрғыдан алғанда Тәуелсіздіктің қадір-қасиеті арта түсері сөзсіз. Тәуелсіздік бізге Алланың берген ең үлкен сыйы. Бүгінде жер бетіндегі барлық дербес мемлекеттердегідей біздің елдігімізді айғақтайтын Елтаңбамыз, Туымыз, Әнұранымыз бар.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында Тәуелсіздіктің қадірі мен құндылығын, оны сақтаудағы бағдар-белестерді айқындай түседі. Президент мемлекетіміздің отыз жылда өткерген белестеріне ерекше тоқталып өтті.

Еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы ата-бабаларымыздың ерлігін паш етіп, оқушыларға желтоқсан құрбандары туралы ақпарат беру, желтоқсан оқиғасына қатысқан аға-апалардың ерлігін үлгі етіп көрсету, оқушылардың туған өлкемізге деген сүйіспеншілігін, сезімдерін оята мақсатында тәуелсіздік мерекесі қарсаңында №2 Чкалов орта мектебінде іс-шаралар өткізілді. Орта буын оқушылары арасында «Қарыштап дамыған елімді білесің бе?» атты сайыс, «Тәуелсіз Қазақстанның жаһандық бастамалары», «Халықаралық қауіпсіздікке қосқан үлесі» тақырыптарына дебат, «Тәуелсіздіктің нұры тұңғыш ЕЛБАСЫ», «Теңге тәуелсіздік келбеті», «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыптарына ашық сабақтар мен тәрбие сағаттары өткізілді.

Біздің дербес ел болып, ұғымымызды қадап, шаңырағымызды көтеріп, ерікті еркін мемлекетімізді құрып, Қазақстан Республикасы атанып, көк байрағымызды желбіретіп әлемге әйгілі болуымыздың өзі — осы Тәуелсіздікке қол жеткізуіміздің арқасы емес пе!

Олай болса, Тәуелсіздігімізге шаң жұқтырмай, оны құрметтеп, келер ұрпаққа аманаттап тапсыруға тиіспіз. Елімізді ішкі-сыртқы дұшпандардан қорғауға міндеттіміз. Сонда ғана Тәуелсіздігіміз мәңгілікке мирас болмақ.

Ата-бабамыз ғасырлар бойы армандап өткен тәуелсіз ел болу мәртебесін көру — бүгінгі ұрпаққа бұйырған зор бақыт. Осы қуанышымыз құтты, бақытымыз баянды болсын. Жаңа ғасырда қайта түлеген, жасарып, түрленген еліміздің тәуелсіздігі тұғырлы болғай!

Елжас ЖӘНІБЕК,

№2 Чкалов орта мектебінің АӘД пәнінің мұғалімі.

* * * * *

«Stop-трафик» жедел алдын алу іс-шарасы

2021жылдың 22 қарашасы мен 01 желтоқсаны аралығында желілік полиция бөлімшесі қызмет көрсететін учаскесі Тайынша станциясында «Stop-трафик» жедел алдын алу іс-шарасын өткізеді. Іс-шараға адам органдарын заңсыз жолмен алу немесе алуға мәжбүрлеу жаңа туған бала мен адам саудасы фактілерін анықтауға бағытталған полицияның барлық күштері мен құралдары жұмылдырылады. Аталмыш жедел алдын алу іс-шарасын өткізу кезінде ЖПБ полиция қызметкерлері Тайынша станциясында ІІБ аумақтық бөлімшелерімен бірлесіп, адам күшін пайдалану үшін адамды бостандығынан заңсыз айыру, адам тонау, еліктіруге байланысты қылмыстарды ашуға бағытталған іс шара өткізіп, көңіл көтеретін орындары, монша кешендері, сауналар мен қонақ үйлерді тексереді. Осыған байланысты, жоғарыда аталған фактілерге назар аудару қажет, осы санаттағы қандай да бір қылмыс туралы ақпарат болса, Көкшетау станциясындағы ЖПБ полиция қылмыстық бөлімшесіне немесе Тайынша станциясы ЖПБ-не 8(716-2)76-30-32, 29-25-52, 8(715-36)6-10-02 телефондары бойынша хабарлау керек.

Д.К.ӘМІРЖАНОВ,

Тайынша ст. ЖПБ басшысы, полиция капитаны.

* * * * *

ЫНТЫМАҚПЕН ШЕШІЛЕТІН МӘСЕЛЕ

Үш жыл бойы ауданымыздың бастамашыл тобы Мироновка ауылындағы мұсылман ескі зиратының қоршауын ауыстыруды сұрап келді. Біресе коронавирус пандемиясы кедергі болса, енді бірде қажетті материал бағасының шарықтап кетуінен қаражаттың жетіспеушілігі себеп болды, сондай-ақ орындаушылар мен мердігерлердің жұмысты дұрыс орындамауы да орын алды, десек те, көптен күткен сұрауымыз шешімін тапты, қоршауды жөндеу бойынша негізгі жұмыстар аяқталды (сырлау жұмыстары ауа райына байланысты көктемде жүргізілетін болады).

Осыған байланысты, осы мәселеге түсіністікпен қарап, қолынан келгенше көмек көрсеткен ауданымыздың бұрынғы әкімі И.И.Турковқа алғысымызды білдіреміз. Аудан әкімі Р.А.Анбаевтың да тікелей қолдауын атап өтпеске болмас. Ауыл тұрғындарымен кездесулерінің бірінде ол басқа да мәселелер болса да, көзделген жұмыстарды ағымдағы жылы орындайты боламыз деп айтқан болатын. Әкім сөзінде тұрды, мәселе шешілді, сондықтан шынайы құрметіміз бен алғысымызды білдіреміз.

Өз кезегінде, аудан әкімінің орынбасары А.А.Әміренов, экономика және қаржы бөлімінің басшысы Б.Ә.Сәрсенбаев, Миронов ауылдық округінің әкімі К.О.Ысқақов қолынан келер көмектерін аямады. Қандай күрделі мәселе болса да, осылай ынтымақ-бірлікпен шешілетініне сенімдіміз. Қайырымдылық-адам баласына тән қасиет,- деген осы болар.

Тайыншалық азаматтар атынан:

Е.Жүсіп, М.Тоқужинов, Р.Ульсайтов.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу — шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі.

Тарих үшін қас-қағым жиырма бес жылдан астам уақыт ішіне Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың дана басшылығы және көрегендігінің арқасында суырылып шығып топ жарған тұлпардай дүние жүзінің ілгері дамыған алдыңғы қатарындағы мемлекеттермен шендесіп, шеру тартып келе жатқанымыз көңілімізді қуанышқа бөлейді. Әсіресе, Елбасының көпұлтты қазақ мемлекетінің татулық бірлігін сақтап, құрыштай қолына тапсырған киелі тізгінді асқан шеберлікпен ұстап, әлемдегі атышулы ел басқарған саясаткер, көсемдер қатарында көрінуі, ұлтымыздың рух күшінің мықтылығын бейнелегендей әсер етсе, оның жеке басының табиғи ерекшеліктерін де елестеткендей.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

Еңбек — өмірдің ұстазы. Ерен еңбектің терең сабағын алған сайын елдің әл-ауқаты артып, қуаты күшейе береді. Табысқа жету үшін күн сайын жұмыс істеу керек.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

Астананы құру — ұлттық тарихтың жаңа мәтінін жазу. Мұндай мәртебе әр ұрпақтың маңдайына бұйыра бермеген. Екі мыңжылдықтың тоғысында біз шешім қабылдап, Еуразияның жүрегінде іс жүзінде жаңа астана құрдық. Астана — Қазақстан халқының жүзеге асқан үміт-арманының бейнесі.

* * * * *

ТҰҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ІРГЕТАСЫН ҚАЛАҒАН

Барша қазақстандық желтоқсанның бірінде Тұңғыш Президент күнін атап өтеді. Тәуелсіз еліміздің дамуына, әлемдік қауымдастықтан лайықты орнын ойып тұрып алған, ұлтаралық татулық пен бірлігі ұялаған мемлекет құруға Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сіңірген еңбегі өте зор. Бірінші желтоқсанның Тұңғыш Президент күні болып жариялануы да тектен-тек емес. Дәл осы күні, 1991 жылы Нұрсұлтан Назарбаев алғаш рет бүкілхалықтық сайлау арқылы Президент болған еді.

Кеңестік тоталитарлық жүйенің құрамында өз ресурстары мен байлығын игере алмай, орталықтың билігімен өмір сүрген қазақ елі 1991 жылы тәуелсіздігін алып, тәуелсіз даму жолына түсті. Сол тұста қалай дамимыз, қалай тәуелсіз ел боламыз деген мәселе мемлекетіміздің алдында тұрған еді. Жүзден астам ұлт мекен еткен, КСРО-ның шикізат аймағы болып келген Қазақстанның тәуелсіз дамыған елге айналарына күмәнмен қарағандар да болды. Бірақ та, Елбасының «алдымен экономика, содан кейін саясат» бағытын ұстанған оңтайлы саясаты өз жемісін берді. Елбасының бастамасымен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы елдегі ұлтаралық татулықты сақтауға, әр ұлт пен ұлыстың заң аясында еркін дамуына мүмкіндік ашып, Қазақстан бірлігі мен достығы ұйыған мемлекетке айналды.

Қазақ елінің әлемдік қауымдастықтағы беделі мен абыройы да биіктем, елімізде әлемдік деңгейдегі ірі басқосулар мен шаралар өтуде. Қазақстан 2010 жылы ТМД елдері арасында алғашқы болып Еуропа ынтымақтастығы мен қауіпсіздігі ұйымына төрағалық жасаса, 2017 жылы ЭКСПО көрмесін табысты өткізіп, әлем алдындағы абыройымыз тағы жоғарылай түсті.

Тәуелсіздік алған жылдар ішінде еліміз экономикалық, әлеуметтік жағынан жан-жақты дамып, айтарлықтай жетістіктерге қол жеткіздік. Арқа төсінен жаңа Астанамыз бой көтеріп, әлемдегі сәулетті шаһарлардың біріне айналды. Халықтың тұрмыс дәрежесі жақсарып, жан басына шаққандағы кіріс мөлшері жағынан әлем елдері арасында озық елу мемлекеттің санатына қосылдық. Ендігі мақсат — әлемнің бәсекелестікке қабілетті отыз елінің қатарынан көріну.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қазақ елі тарихындағы аса маңызды орнын қазір де, болашақта да анықтап тұратын қасиетті бір күн қазақ тарихында болуы керек еді, сол бір күн 1 желтоқсан болып күнтізбелік тарихтың жылдар жылнамасынан орын алды!

1 желтоқсан — Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні баршаңызға құтты болсын!

Жанаргүл МҰРАТҚЫЗЫ, журналист

2021 ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАНДА АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ХАТШЫСЫМЕН, ОБЛЫСТЫҚ ЖӘНЕ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ДЕПУТАТТАРЫМЕН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№ р/с	Қабылдауды жүргізген тұлғаның тегі, аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны	Қабылдау күні
1	Алпысов Ерлан Сапарбекұлы — облыстық мәслихаттың депутаты, «Племзавод Алабота» ЖШС-нің басшысы	8 желтоқсан
2	Егімбаев Руслан Елшібайұлы — аудандық мәслихаттың депутаты, «Престиж Агро» ЖШС-нің директоры	3 желтоқсан
3	Ысқақова Диана Еслямбекқызы — аудандық мәслихаттың депутаты, «№ 1 Чкалов орта мектебі» КММ-нің педагог-психологы	6 желтоқсан
4	Мерғасимов Бауыржан Маратулы — аудандық мәслихаттың депутаты, «Дарига» ЖК басшысы	7 желтоқсан
5	Рудницкий Виктор Иванович — аудандық мәслихаттың депутаты, «Дашка-Николаевка СК» ЖШС-нің директоры	9 желтоқсан
6	Латиф Батес — аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша КБАА» ШЖҚ-дағы КМК-ның бас дәрігерінің орынбасары	13 желтоқсан
7	Кершис Александр Владимирович — аудандық мәслихаттың депутаты, ДЭУ-65 бастығы	15 желтоқсан
8	Жақыпов Данияр Келденбекұлы — аудандық мәслихаттың депутаты, «Данияр-Бидай» ЖШС-нің менеджері	20 желтоқсан
9	Бекшенов Сәрсенбай Мұратұлы — аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша ауданы мәслихатының хатшысы	21 желтоқсан
10	Трифонов Николай Николаевич — аудандық мәслихаттың депутаты, «ТайыншаКоммунСервис» ЖШС-нің директоры	23 желтоқсан
11	Әбдірахманова Айгүл Бағдатқызы — аудандық мәслихаттың депутаты, «ЗИМ-Экспорт» ЖШС-нің директоры	24 желтоқсан
12	Мұхаметғалиева Айгүл Ботақызы — аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша қаласының № 4 орта мектебі» КММ-нің директоры	28 желтоқсан
13	Қожахметова Әсемгүл Әділханқызы — аудандық мәслихаттың депутаты, «Многоцветный негізгі мектебі» КММ-нің мұғалімі	30 желтоқсан

Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау орны: Тайынша қ., Центральный бұрылысы, 3 «А», «Nur Otan» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы.

Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау уақыты: 11.00.-ден 13.00.-ге дейін.

Мына телефондар арқылы қабылдауға алдын-ала жазылуға болады: аудандық мәслихат — 23072, «Nur Otan» партиясының аудандық филиалы — 22047.

* * * * *

ҰЗАҚ ҮЗІЛІС БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ҚАЙТА КІРЕТІН ТҰЛҒАЛАР ҮШІН ТЕСТІЛЕУДЕН ӨТУ КЕРЕК ПЕ?

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 27 бабы 8 тармағына сәйкес, теріс себептермен немесе олардың қызметін бағалау, сынақ мерзімінің не аттестаттау қорытындыларының нәтижелері бойынша қызметтен шығарылғандарды қоспағанда, адам мемлекеттік қызметтен шығарылған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде, егер ол өзге жеке және мемлекеттік органдар болып табылмайтын заңды тұлғалармен еңбек қатынастарында тұрмаған, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерге шықпаған жағдайда, тестілеуден өтпестен, конкурсу қорытындысы бойынша "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға және (немесе) "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурсқа және сайлауға қатысуға құқылы. Осылайша, егер жұмыстан босатылған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен астам уақыт өтсе, үміткер конкурсқа қатысу үшін тестілеуден өтуі тиіс.

Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті Мемлекеттік қызмет басқармасы

* * * * *

ТІРКЕУ НАУҚАНЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Қазақстан азаматтарының емхананы таңдау мүмкіндігінен басқа, тіркеу науқаны жаңа медициналық қызмет көрсетушілерге халыққа қызмет көрсетуге тапсырыс алуға мүмкіндік береді. 2021 жылғы тіркеу науқанына Солтүстік Қазақстан облысында Петропавл қаласындағы 13 аудандық емхана, 3 емхана және 1 "Денсаулық" жеке коммерциялық емес мекемесі қатысты.

Өткен жылдағыдай бекітудің негізгі қағидаттары отбасылық қызмет көрсету қағидаты және қадамдық қолжетімділік қағидаты болып табылады.

Тіркелу науқаны кезінде таңдалған емханада қызмет көрсету 2022 жылдың 1 қаңтарынан басталады. Осы уақытқа дейін пациенттер өз клиникаларында қызмет көрсетуді жалғастыруда. Егер науқас науқан кезінде емхананы ауыстырғысы келмесе, онда ол автоматты түрде мекен-жайы бойынша қызмет көрсетілетін емханаға тіркеледі.

Сондай-ақ, емханаға тіркелу науқанын өткізу кезеңінен тыс уақытта да тіркелуге болатынын атап өткім келеді:

Егер сізде тіркелуге қатысты қосымша сұрақтарыңыз туындаған жағдайда, Сіз жақын маңдағы емхананың анықтама қызметіне немесе өзіңізге ыңғайлы байланыс арнасы бойынша Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына хабарласып сұрай аласыз: fms.kz ресми сайты, 1406 байланыс орталығы, Telegram-дағы 24/7 Qoldau және SaqtandyruBot мобильді қосымшасы.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ СҚО бойынша филиалының баспасөз қызметі.

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша көп бейінді ауданаралық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі-кәсіпорын) байқау кеңесінің мүшелерін іріктеу бойынша конкурс жариялайды

Кәсіпорын денсаулық сақтау саласында медициналық қызметті жүзеге асырады. Кәсіпорынның мекен-жайы: СҚО, Тайынша ауданы, Тайынша қ., Крыжановский к-сі, 72 үй, тел. 8(71536)2-12-57.

Қатысуға ниет білдірген адамдардың құжаттарын қабылдаудың басталу күні мерзімді баспасөз басылымдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап айқындалады.

Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңесіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімінің, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінің болуын қамтиды:

1) денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

2) денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның бейіні және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық бойынша басшы лауазымда кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) Құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктерге мүшелік.

Кандидат осы хабарландыру жарияланған сәттен бастап 30 күн ішінде мына мекенжайға ұсынады: Петропавл қаласы, Театральная көшесі, 56 А, каб. 23

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда);;
- * 2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
- 3) Өмірбаян (еркін нысанда);
- * 4) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- * 5) жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі;
- * 6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- * 7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығының және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жоқтығын растайтын құжаттар. Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсына алады.

Қатысушы конкурстық өтінімнің түпнұсқасын "Түпнұсқа" деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертте қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және мекенжайы көрсетіледі. Осыдан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді. Ішкі және сыртқы конверттер:

1) тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органға) мына мекенжай бойынша жолдансын: Петропавл қаласы, Театральная көшесі, 56 А, каб. 23.

2) "СҚО әкімдігінің ДСБ" КММ "Тайынша көп бейінді ауданаралық ауруханасы" ШЖҚ КМК бақылау кеңесі мүшелерінің конкурсы" және "2021 жылғы 27 желтоқсан, 17-00-ге дейін ашуға болмайды.

Конкурстық өтінім мына мекенжайға жіберіледі: Петропавл қаласы, Театральная көшесі, 56 а; каб. 23. Анықтама үшін тел.: 46-94-91. Конверттерді ашу күні мен орны: 2021 жылғы 27 желтоқсан, жергілікті уақыт бойынша 17-00, Петропавл қаласы, Театральная көшесі, 56 А, каб. 23

Конкурсты өткізу күні мен орны: 2021 жылғы 29 желтоқсан, жергілікті уақытпен 17-00.

САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛАМЫЗ

Ана – әлемнің шамшырағы, бесіктің иесі, өмірдің керегесі. Анаға қанша тілек, қанша мақтау мен алғыс айтсақ та, аз емес. «Жақсы сөз – жарым ырыс» демекші, тіршілікте анаға жылы да жұмсақ сөз айтуды, алғыс білдіру мен мейірім танытуды ешқашан ұмытпайық. Ананың аялы алақаны мен жылы жүрегіне, шексіз мейірімі мен кіршіксіз таза көңіліне тең келер ештеңе жоқ.

Ал, сол аяулы да ардақты анамыздан көз жазып қалсақ, одан асқан қайғы-қасірет жоқ



шығар. Міне, отбасында аяулы ана, сүйікті жар болған Теңдік ауылының тумасы, біздің құрбымыз Гүл Тоқтарқызы мезгілсіз өмірден озды. Артында отбасы, балалары мен туған – туыс, ағайын зар илеп жылап қала берді.. Ол ортамызда бес жыл жоқ дегенге сенбейміз де. Биыл қараша айының 24 жұлдызында ортамызда жүрсе 50 жасқа толар еді. ...Ендігі бар айтарымыз Алла иман байлығын берсін. Артындағы отбасы аман болып, құрбымыздың көрмеген қызығын балалары көрсін. Барлық сыныптастарының атынан: **Клара Әлжанова.**

Теңдік ауылы.

* * * * *

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТҰҒЫРЫ БИІК

«Тәуелсіздік-халқымыздың бостандығы мен дербес даму жолындағы сан ғасырлық күрес тарихының нәтижесі», - деп Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, бүгінгі ұрпақ ұлы жеңістің, күрестің арқасында бейбіт өмірде бақытты күн кешуде. Еркіндіктің қасиетін бүгінгі жас ұрпақ қастерлей білуі керек. Біз қазақ елі Тәуелсіздік алып, басқа елдермен тереземіз тең болып, алпауыт елдердің қатарына ену жолындамыз. Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, халықтың еңсесі жоғары, егемендігіміз баянды болсын қазақым..

Биылғы елімізден бірге тойлағалы отырған егемендіктің 30 жылдық таңы құтты болсын! Біздің Отанымыз- Қазақстан. Отан дегеніміз – әр адамның туып – өскен жері, туған – туыстарымен бірге тұратын атамекені, қазақ елінде тұратын әрбір жан өз Тәуелсіздігін қастерлей білуі керек. Егемен елдің тұтқасы мекем болса, ұрпағымызбен мың жасарымыз анық. Біз егемендікті аңсап тәуелсіздікті күтіп, зарығып жеттік емес пе? Енді сол тәуелсіздіктің ерекше белгілерін де қадірлеп, қастерлеуіміз керек. Әрбір азамат Қазақстанның Көк Байрағын, Елтаңбасын, Әнұранын тұмарындай тануы қажет. Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт - береке қашпасын деп, найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз! Досымызды сақтай білген елміз, дәм- тұзды ақтай білген елміз! Міне қазақ халқы намысшыл, қайсар, ұлтшыл халық. Тілі мен дінін қастерлей білген. Әр халықтың тарихында өзінің ұлттық ар-намысын, құқықтары мен мүддесін қорғап қалуға, өзіндік бет-бейнесін, егемен ел болуға лайық екендігін көрсетуге ұмтылатын сын сағаттар болады. Егер ұлт уақыт талабына үн қата алмаса, онда оның болашағы бұлыңғыр болмақ. Ал егер, халық басына түскен мұндай сынақтан сүрінбей өтсе, басқа халықтардың тарихы көрсеткендей, бұл сәт, бұл оқиға осы халықтың тағдырында тарихи оқиға болып қалады. Ерлеріміздің ерен ісімен, кешегі дүниені дүр сілкіндірген Желтоқсан оқиғасымен келген, тарихымызда алтын әріптермен жазылып қалатын күн. Халқымызға ғасырлар бойғы арман болған тәуелсіздік, егемендік ұстанымдарын биікке көтеретін бұл күн – біздің Отанымыздың әрбір азаматы үшін қастерлі мереке. Азаттық аңсаған елдің түпкі мақсатының орындалып, бүгінгі Қазақстан Республикасы өз мемлекеттілігін бұдан 30 жыл бұрын жариялаған болатын. Бұл мереке күнтізбеде «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңының 1991 жылы 16-желтоқсанда қабылдануына байланысты тұрақты түрде аталып келеді.

Тәуелсіздік тұғырым, оңай емес ызғарлы, осыдан 35-жыл бұрынғы 1986 жылы, Алматының бас алаңында желтоқсан оқиғасы болды. Бұл оқиға дүниені дүр сілкіндірді. Бұл желтоқсан көтерілісіне қазақ ел аузында жүрген, тарихта аты

қалған Қ.Рұсқұлбеков, Е.Сапатаев, Л. Асанова және басқа да намысшыл апаларымыз бен ағаларымыз қатысты. 1986 жылы желтоқсандағы көтеріліске жастар ешбір жаман оймен барған жоқ. Олар бейбіт жолмен тәуелсіздікке қол жеткізу үшін қатысқан. Қазіргі бұл күн қазақ халқы үшін ұлы күн әрі қайғылы, әрі бақытты күн. Бұл 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы қазақ халқында бұрын болмаған ең ауыр да, әділетсіз көтерілістің бірі. Енді міне, осы желтоқсан көтерілісіне қатысқан ер мінез азаматтарымыздың арқасында ата-бабаларымыз үш ғасырға жуық уақыт бойы армандаған тәуелсіздікке қол жеткіздік. Қазақтың басынан өткерген зұлмат жылдар мен нәубатты жылдар тарихының бір кезеңін осы «Желтоқсан оқиғасы» алып отыр. Тарихта желтоқсан оқиғасымен аты қалды. Ал одан әрі басынан қазағымның не өтпеді, не көрмеді десеңізші. XX ғасырдың 20-30 жылдары қазақ халқының басына қасыреттің қара бұлты төніп ел ішін жойқын жау шапқаннан бетер қырғынға ұшыратып, ұлт жадында мәңгі өшпес қасырет ізін қалдырған зұлмат кезең болғаны аян. Ежелден Ата қонысын көшіп-қонып еркін жайлап, төрт түлік малын баққан, малымен жанын баққан елді коллективтендіру шоқпарының астына алып малынан айырып, күкөрісінен айырып, босқынға айналдырып, аштыққа ұшыратып қынадай қырылуына жол берген, ел қамына болысқан елдің ізгі жақсыларын - даналарын, батырларын тұтқын қамытын кигізіп, атып-шауып және қырғынға ұшыратқан зар заман жаңғырығы уақыт қанша алға озғанмен ел жадынан әсте мәңгі қалды. Қай елдің тарихына көз салсақ та қасіретті де қайғылы кезеңдерді басынан өткергенінің куәсі боламыз.. Елді мемлекеттің құрамында болып тоталитарлық режимнің зардабын тартқан қазақ халқының қайғысы - ұлт тарихындағы өте ауыр трагедия болды. Тоталитарлық жүйе өз халқына ату, құғындау, зорлықпен жер аудару сияқты зобалаң тудырып қана қоймай, қолдан жасалған аштықпен де зұлмат жасады. Қорыта келгенде: Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың саяси қуғын-сүргін, аштық құрбандарын еске алу күнін жариялау туралы Жарлығы, жазықсыз жазаланғандарға қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіру жолын анықтап берді. Қазақстан бүгінде дүние жүзі таныған мемлекетке айналды, сан ұлттың басын құраған бейбітшіліктің, саяси тұрақтылықтың ұлтаралық, дінаралық келісімнің арқасында мол табысқа қол жеткіздік. Экономикамыз дамып, халықтың әлеуметтік тұрмысы жыл өткен сайын жақсарып келеді. Біздің алдымызда тұрған ең үлкен мақсат Тәуелсіздікті нығайту еліміздің кемел келешегі жолында ынтымақ-бірлікпен еңбек ету басты мақсатына айналдыру, егемендіктің ақ таңына дақ түсірмеу. Тәуелсіздіктің тұғыры биік, халықтың еңсесі жоғары, егемендігіміз баянды болсын, қазақ елі.

Зура БАЙЗУЛДА,

№1 Тайынша орта мектебінің қазақ тілі пәні мұғалімі.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.
Индекс: 65710
Газет әр аптаның жұма күні шығады.

**Директор -
Бас редактор
Гүл НУРАЛИНА**

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2005 жылғы 14 желтоқсанда тіркеліп №6652-Г куәлігі берілген
Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.
Талсырыс 370. Таралымы 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 137-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715 36) 2-36-96
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.